

ҚОҒАМДЫҚ САНАДАҒЫ ДІНДАРЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ*

¹Қасабекова Е.Қ., ²Шағырбай А.Д.*, ³Сатершинов Б.М., ⁴Мейманхожа Н.Р.

^{1,2,3,4}ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты (Алматы, Қазақстан)

¹kasabekova1978@mail.ru, ²almasbek85@gmail.com, ³bakhyt-zhan@mail.ru,

⁴nurikmann@gmail.com

¹Kassabekova Ye., ²Shagyrbay A., ³Satershinov B., ⁴Meimankhozha N.

^{1,2,3,4}Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies

of the RK MHES CS (Almaty, Kazakhstan)

¹kasabekova1978@mail.ru, ²almasbek85@gmail.com, ³bakhyt-zhan@mail.ru,

⁴nurikmann@gmail.com

Аңдатпа. Бұл жұмыста діни сенімділік феномені адамның рухани және мәдени өмірінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Діндарлық - Жоғары күштерге, адамгершілік ұстанымдарға және дәстүрлерге сеніммен байланысты ішкі дүниетанымды, мінез-құлықтық ұстанымдарды және эмоциялық қабылдауды қамтитын кешенді құбылыс. Жұмыста жеке сенім, діни сана, ғибадат тәжірибесі, діни көзқарастардың адамның күнделікті өміріне әсері, сондай-ақ олардың қоғамдық және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударылады. Діндарлық жеке (тұлғалық), әлеуметтік-мәдени және тарихи құрамдастарды қамтитын көпқабатты құбылыс ретінде сипатталады. Сыртқы рәсімдік діндарлық пен ішкі рухани сенімділік арасындағы айырмашылықтар, сондай-ақ қазіргі зайырлы қоғамдардағы діндарлықтың көріністері талданады. Діндарлық қоғамда біріктіруші әрі реттеуші функция атқарып, моральдық нормалар мен мәдени дәстүрлердің тұрақтылығын сақтауға ықпал ете алатыны атап өтіледі. Осылайша, діндарлық феномені философия, социология, мәдениеттану және дінтану тұрғысынан, яғни пәнаралық контексте зерттеледі, бұл оны қазіргі әлемдегі мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: діндарлық, аспектілер, сенім, көзқарас, сана, мәдениет, руханият.

Кіріспе

Қоғамдық санадағы діндарлық құбылысын зерттеу-көптеген теориялық, әдіснамалық және тұжырымдамалық тәсілдерді қажет ететін күрделі әрі көпқырлы үдеріс. Бұл мақалада зерттеудің басты мақсаты - діндарлықтың қоғамдық санада қалай көрініс табатынын ашып көрсету, сондай-ақ оның адамның рухани және әлеуметтік өміріндегі маңызын зерделеу болып табылады.

* Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым Комитетімен қаржыландырылған (BR21882209, «Қазақстандағы бұқаралық санаға ақпараттық-идеологиялық әсер: тәуекелдер мен мүмкіндіктер»).

*Автор-корреспондент - Шағырбай А.Д. almasbek85@gmail.com

Зерттеудің негізіне алынған тұжырымдамалық ұстанымдар мен әдіснамалар қоғамдық санада қалыптасқан діни түсініктерді кешенді түрде саралап, осы құбылыстың адамның дүниетанымына, күнделікті өміріне және мәдени болмысына қалай ықпал ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының руханиятындағы, соның ішінде қоғамдық санасындағы діндарлықтың рөлі ерекше сипатқа ие. Бұл дәстүрлердің тарихы көне дәуірлерден бастау алады. Алғашқы сенімдер қатарында фетиштік, анимистік, тотемистік секілді нанымдар кездессе, кейінгі кезеңдер Митралық, Шамандық, Зороастрлық, Тәңірлік және Исламмен жалғасты.

Ғасырлар бойы қазақ халқы ислам дінін бұрынғы дәстүрлі наным-сенімдермен - шамандық, тәңіршілдік және зороастризм элементтерімен, сондай-ақ бай халықтық салт-дәстүрлермен үйлестіре отырып, өзіндік ерекше мәдени-діни болмыс қалыптастырды. Бұл күрделі діни-мәдени синтез қазақ өмірінің барлық салаларына – өнерге, музыкаға, әдебиетке және ауыз әдебиетіне зор ықпал етті.

Ислам, әсіресе сунниттік бағыт, қазақтың поэтикалық және музыкалық дәстүрлерінің дамуына терең әсер етіп, руханият пен адамгершілікке негізделген дүниетанымды нығайтты. Өндер мен жырларда кішіпейілділік, тәубеге келу, Жаратқанға сыйыну, үлкенге құрмет көрсету секілді құндылықтар кеңінен насихатталды. Бұл – исламның қазақстандық үлгісінің халықтың рухани және мәдени өмірімен табиғи түрде үйлескенінің көрінісі.

Жалпы, «дін» ұғымының түп-төркініне назар аударсақ, ол латынның *religio* сөзінен шыққан, бұл сөздің бірінші мағынасы – адалдық, имандылық, ар-ождан бойынша өмір сүру. Ал *religare* етістігінен туындайтын екінші мағынасы – Құдаймен байланыс орнату, адамның Жаратушымен байланысын қайта қалпына келтіру. Осы тұрғыдан алғанда, дін – адамның бүкіл болмысымен әлеммен, Жаратушымен байланысын тануға негізделген дүниетаным жүйесі.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеуде қоғамдық санадағы діндарлық құбылысын жан-жақты қарастыру мақсатында кешенді, пәнаралық әдістер жүйесі қолданылды:

Теориялық-талдау әдісі – дін мен қоғамдық санаға қатысты философиялық, социологиялық және дінтанулық көзқарастарды зерттеп, оларды жүйелеу үшін қолданылды. Мазмұндық талдау-бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде көрініс тапқан діни идеялар мен қоғамдық пікірлерді зерделеуге мүмкіндік берді. Тарихи-мәдени талдау әр тарихи кезеңдегі діни құндылықтардың қоғамдық санаға әсерін бағамдауға бағытталды. Салыстырмалы талдау әртүрлі мәдениет мен қоғамдардағы діндарлық модельдерін салыстырып, олардың ерекшеліктерін айқындауға жол ашады. Аталмыш әдіснамалардың үйлесімі қоғамдық санадағы діндарлық феноменінің рухани, мәдени және әлеуметтік тұстарын толыққанды зерттеуге мүмкіндік тудырады.

Қоғамдық санадағы діндарлық феномені

Діннің негізгі аспектілеріне тоқталсақ, қазақстандық қоғамдағы зайырлылық және діндарлық дәстүрлерін зерттеушілерінің «Қазіргі Қазақстандағы

зайырлылық пен дін: рухани-мәдени мағыналар мен стратегияларды жаңғырту» атты ұжымдық монографиясында: «Діннің қоғамдағы қызметі орасан зор. Ол адамгершілікке шақырады және адамгершілікті қалыптастырады. Оның қоғамды руханилық пен әділеттілікке тартатын күшке ие», – делінеді [1, б. 31].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің қазіргі тарихи кезеңдегі тәуелсіздік мәселесінің тарихи маңызына арнаған тұжырымдамалық мақаласында жоғарыдағы іргелі рухани құндылықтарға ерекше маңыздылық береді [2]. Демек, іргелі рухани құндылықтарды руханият, мәдениет және діндарлық дәстүрлер мен өзара төзімділік факторларын үйлесімділікте пайдалана отырып, алдыға ұмтылу, өркениетке қадам басу қажеттігі туралы ой өрбиді.

Қоғамдық санада діндарлық дәстүрлердің алатын орнын қарастырап болсақ, алдымен діндарлық дәстүрлері мен діни дәстүрлер арасындағы айырмашылыққа тоқталған жөн. Бұл ұғымдар кейде қатар қолданылғанымен, мәндік тұрғыдан ерекшеленеді. Діндарлық дәстүрлері мен ұстанымдары халықтың дінмен байланысқан тәжірибесін, діни наным-сенімдерін, діни көзқарастары мен рухани ұстанымдарын қамтитын кешенді түсінік. Бұл ұғым тек діни рәсімдермен шектелмей, адамның ішкі сенімі мен өмір салтына терең бойлайды.

Қазақ халқының діни дәстүрлері – халқымыздың өзіне тән дүниетанымы, ойлау жүйесі мен рухани құндылықтарының көрінісі. Бұл дәстүрлер киелілікке, әулиелікке, тақуалыққа деген құрметпен қатар, сабырлылық, қанағатшылдық, төзімділік және діни даналық сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Сонымен қатар, қазақ халқының рухани мәдениетінде жазылмаған, бірақ ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген әдеп нормалары – үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-анаға қамқорлық, бауырмалдық, отансүйгіштік пен табиғатқа ерекше құрмет – ұлттық дүниетанымның іргетасы ретінде қалыптасқан.

Діндарлықты ғылыми тұрғыда зерттеу бірнеше маңызды теориялық бағыттарға сүйенеді. Атап айтқанда, бұл – адамның діни сенімін, тәжірибесін және рухани әрекеттерін түсіндіруге бағытталған психологиялық, социологиялық, антропологиялық және философиялық көзқарастар.

Сонымен қатар, Қазақстанның халықаралық аренада діни татулықты нығайтуға бағытталған бастамалары ерекше назар аударарлық. Ел аумағында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін тұрақты түрде ұйымдастыру – жаһандық деңгейде өзара түсіністік пен толеранттылықты ілгерілетуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Бұл бастама арқылы Қазақстан өркениетаралық сұхбатты дамытып, дінаралық келісімді нығайтуда және трансшекаралық терроризмге қарсы күш біріктіруде елеулі үлес қосып келеді.

Аталған дінаралық диалогтың нақты көрінісі ретінде 2023 жылдың 11 қазанында Астана қаласында өткен маңызды жиынды атауға болады. Бұл күні Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы әрі Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезі Хатшылығының Басшысы М.Әшімбаевтың төрағалығымен Съезд Хатшылығының ХХІ отырысы өтті. Бұл жиын әлемдік дін өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен бірлікті арттыруға бағытталған маңызды алаң ретінде қызмет атқарды.

Хатшылық отырысы аясында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII Съезінің қорытындылары бойынша пікір алмасу болды, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың VII Съезде бастама жасаған «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезінің 2023-2033 жылдарға арналған даму тұжырымдамасы» қабылданды», – делінеді [3]. Қазақстан Республикасы діни өркениетке аяқ басқан, діни төзімділікті сақтай отырып, басқа да халықтардың діни түйіткілдеріне өзіндік үлесін қосу үшін, бейбіт келісімдер арқылы үндестікке жету барысында бірнеше алғышарттар жасады, сондай игі істердің бірі «Дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін» мерзімді түрде өткізу және діни көзқарастаға, діни сенімдерге құрметпен қарау.

Қоғамдағы діндарлық құбылысын жан-жақты түсіну үшін оны әртүрлі ғылыми-теориялық тұрғылардан қарастыру маңызды. Зерттеу барысында келесі бағыттарға басымдық берген орынды: Біріншіден, психологиялық бағыт – діндарлықты адамның ішкі рухани әлемінің көрінісі ретінде қарастырады. Бұл тәсіл жеке тұлғаның сенімі, діни тәжірибесі, рухани ізденістері мен эмоционалдық күйі сияқты аспектілерді психологиялық тұрғыдан зерделеуге негізделеді. Екіншіден, әлеуметтанулық теориялар дінді қоғамдағы әлеуметтік құрылымдармен және институттармен байланыста қарастырады. Бұл бағыт діннің әлеуметтік рөліне, адамдардың діни сенімдерінің қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік факторларға, діни бірлестіктер мен қауымдастықтардың қоғамдағы орнына назар аударады. Үшіншіден, антропологиялық көзқарас діннің адамзат мәдениетіндегі орнын зерттейді. Мұнда діннің қоғамдағы салт-дәстүрлермен байланысы, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасқа әсері және әлемді тану жүйесіне ықпалы қарастырылады. Төртіншіден, философиялық бағыт – діндарлықтың мәнін, адамның дүниетанымындағы орнын, діннің этикалық, гносеологиялық және метафизикалық қырларын терең философиялық талдауға негізделеді. Қысқаша түйіндегенде, бұл зерттеудің негізгі нысаны – қоғамдық санадағы зайырлылық пен діндарлық дәстүрлер. Тақырыпты кешенді түрде талдай отырып, бұл екі құбылыстың Қазақстан Республикасының Конституциялық-құқықтық негіздерінде айқын белгіленгені анықталды. Зайырлылық пен діндарлық – елдің құқықтық және рухани өмірінің іргелі тіректерінің бірі ретінде зерттеуге лайық құбылыстар.

Сонымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының I бөлімінің I бабында: «Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықты және әлеуметтік мемлекет», – деп көрсетілген [4]. Еліміздегі соңғы 5 жылдық санақ мәліметтеріне жүгіне отырып, 2019 жылғы ұлттық санақ қорытындалары бойынша елдегі діни ахуалдың жай-күйін бағдарлауға болады: «Қазіргі таңда елде 130-дан аса ұлттың өкілдері өмір сүріп, ресми мойындалған 18 діни конфессия, 3000-нан аса діни бірлестіктер қызмет атқаруда. Ұлттық «Жалпы Қазақстан Республикасында діндарлардың саны 98% деп есептелінеді (шамамен 70% – мұсылмандар, 23% – православтар, 5% – басқа да конфессиялардың өкілдері)», – деді [5, 15 б.]. Дегенмен де, елдегі барлық конфессиялардағы шынайы діндарлардың саны туралы деректер нақты кейіпте анықталмаған. ҚР зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің теория мен әдіснамалық сипатына қатысты А.Г. Косиченко: «Қазақстандағы діндарлық турасындағы еңбектерінде өздерін 100 пайыз діндармыз деп санайтын халықтың шын мәнісінде діннің барлық канондарын толық орындамайтыны жайлы айтылады. Яғни, кейбір мәліметтердің шындыққа 100 пайыз келмейтіні байқалады. Мысалы, жоғарыда

көрсетілген мәліметтер 2024-25 жылдардың этнодемографиялық жағдайға сәйкес келмейді. Өйткені еліміздегі демографиялық жағдай біршама өзгерістерге ұшырап, мұсылман дініне жататын ұлт өкілдерінің саны 70%-ке жақындап, православия өкілдерінің үлес салмағы еларалық миграцияға байланыста біршама кеміп, артып отырғаны белгілі. Келесі дереккөздерінен елімізде жалпы саны 18 конфессияны құрайтын 3693 діни ұйым өз қызметін жүзеге асырып отырғанын көруге болады. Қазақстандықтардың 16 пайызы басқа дінге сенушілер қатарына жатады және де тұрақты түрде діни рәсімдерді орындайды. Азаматтарымыздың 75 пайызы өздерін әртүрлі дінді ұстанушылар қатарына жатқызады, бірақ толығымен діни жоралғыларды тұрақты түрде орындамайды. Азаматтардың 10 пайызы атеистік және агностик бағытты ұстанады», – дейді [6, 11 б.]. Сонымен қатар, бұл демографиялық үрдістер басымдық танытушы вектор ретінде әлеуметтік кеңістікте болашақта да сақталатын түрі бар. Қазақстанда келесі діни конфессиялардың өкілдері бар. Ислам, Христиан-православтары, Елуіншілер шіркеулері, Інжілдік христиан-баптистер, Буддизм, Иудейлер, христиан-католиктері, Ехоба куәгерлері, Пресветериандық шіркеулер, Інжілдік лютеран шіркеуі, Методистер, Жаңаапостольдік шіркеу, Кришнаидтер, Жетінші күн адентистері, Бахаилар, Мормондар жатады.

Қоғамдық санадағы діндарлық құбылысын зерттеу барысында келесі қағидаттар мен зерттеу нормалары пайдаланылды. Бұлар зерттеу үдерісінің этикалық және әдіснамалық негіздері:

а) Объективті қағидат – діндарлықты зерттеуде зерттеуші жеке көзқарасымыздан тыс болуға тырысып және діннің әртүрлі формаларын тең дәрежеде қарастыруды мақсат етілді.

ә) Құқықтық және этикалық нормалар – діндарлықты зерттеу барысында адам құқықтары мен адамгершілік нормалары сақталынып, зерттеу барысында зерттелетін тұлғалардың немесе топтардың ар-намысына, сенімдеріне зиян келтірмеу керектігі ескерілді.

в) Интерпретациялық объективтілік – діндарлықты зерттегенде түсіндірмелер мен пікірлер мәнін түпнұсқадан алыстамады.

Жалпы дін мәселесінің күрделі де ауқымды мәселе екенін бағдарлай отырып, оны рухани тұрғыдан зерделеп көрейік. А.Д. Шағырбаймен бірге жазылған келесі мақалада: «Діннің екі қыры бар. Бірі – материалдық, екіншісі – рухани қыры. Діннің рухани қыры деп біз адамның жан дүниесіне қатысты батыни, яғни рухқа қатысты, материалдық емес дүниені айтамыз. Діндегі ең басты нәрсе осы. Шынайы діндарлық болған жерде, кісінің барлық іс-әрекетіне жүрегіндегі иманы бағыт-бағдар беріп отырады. Рухани байыған адам Жаратушыға бет бұрған сайын өзінің менмендігінен баз кешіп, жүрегі мен рухын иманына, ал иманын жүрегі мен рухына мықтап орнықтырады. Мешіттер мен құлшылық орындары, діни символдар діннің көзге көрінетін материалдық қырлары. Ал оқылып жатқан намазды мейлінше сезініп (хушұппен) оқу, адамның әрқандай арсыз істер мен жамандықтан ұзақ болуы нағыз діндарлық. Ислам діні жалпы төрт нәрседен тұрады: Ақида (сенім), ахлақ (мораль), ғибадат және муғамалат (сауда, неке, өсиет, мирас т.б. секілді әрқандай қоғамдық қатынастар). Енді осы төрт тақырыптың ішіндегі ең бастысы қайсы? Бірінші орында қайсысы тұрады? Міне, осы сауалдың жауабын беруде ғалымдар мен зерттеушілер пікір

қайшылығына түскен. Бірқатар ғалымдар діндегі ең басты нәрсе бұл ақида, сенім деген. Ал кейбір ғалымдар моральдың басты орында тұратынын алға тартқан. Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін саралайтын болсақ, біз Ислам дінінде ахлақты, яғни мінез-құлықтың басты орында тұратынын аңғарамыз. Діндарлықтың рухани қыры діннің, сенімнің ең басты қыры.

Жалпы діндегі бекітілген құлшылықтардың басты функциясы – бұл адамның мінезін жақсарту. Исламдағы бес парыздың қайсыбірін алып қарасақ та, ол туралы сөз болған аяттардан оның тек мінезге қатысты екенін байқаймыз» [7, 132 б.]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстанда діндарлық тұрғысынан ислам дінінің өкілдері басқа дін өкілдеріне қарағанда басым, елдегі ислам дінінің ұстанушыларының үлкен пайыздық мөлшері Қанафи мазһабының сунниттік ағымы, дегенмен де елде исламның шейт ағымының өкілдері де бар. Исламнан кейінгі саны жағынан көп дін өкілдері христиан-православтары, протестанттар, иудейлер, буддистер және басқа діндердің өкілдері бар.

Қазақстандағы діни тәжірибенің сипаты өңірлік, әлеуметтік және отбасылық деңгейде әртүрлі. Мысалы, кейбір ауылдық жерлерде ислам дініне тән салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар күнделікті өмірдің маңызды бөлігі ретінде сақталса, қалалық ортада зайырлылық пен діндарлықтың қатар өрбігенін байқауға болады. Қала тұрғындарының бір бөлігі дінге бейімделсе, енді бірі зайырлы көзқарасты ұстанады, ал үшінші бір топ бұл екі құндылықты қатар алып жүреді.

Мемлекеттің зайырлы сипатына қарамастан, дін адамдардың өмірінде ерекше орын алады. Мерекелердің, отбасылық дәстүрлер мен әлеуметтік рәсімдердің көбі діни негізге сүйенеді. Сонымен қатар, көптеген азаматтар, әсіресе білім беру, ғылым және мемлекеттік басқару салаларында қызмет ететіндер, зайырлылық қағидаттарын да берік ұстанады. Бұл Қазақстан қоғамындағы дін мен зайырлылықтың өзара үйлесімді дамуын білдіреді.

Қазақстан халқы, әсіресе қазақ ұлты, дінаралық диалог пен сенім бостандығын құрметтеуге бейім. Бұл үрдіс елдің рухани өмірінің бай әрі алуан түрлі болуына ықпал етеді. Әр адам дінді өзінің сенімі, білімі және дүниетанымына сай қабылдайды, яғни дін - мәжбүрлеуді емес, ерікті рухани таңдау мен ізденісті қажет ететін құндылық. Қоғамдық санадағы діндарлық дәстүрлердің қазіргі көріністері. Қоғамдық санада діндарлық дәстүрлердің бүгінгі таңдағы көріністерін бірнеше негізгі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Ислам діні – Қазақстан халқының басым көпшілігі мұсылмандар. Қазақ халқының рухани өмірінде ислам діні, оның ішінде сунниттік бағыттағы ханафи мазһабы маңызды орын алады. Ислам дұға, ғибадат, діни мерекелер, салт-жоралғылар сияқты өмірдің түрлі салаларымен тығыз байланысты.

2. Ислам діні қазақ халқының тарихи қалыптасқан наным-сенімдерімен және салт-дәстүрлерімен үйлесім тауып, соның нәтижесінде ұлттық ерекшеліктерге ие дәстүрлі ислам үлгісі қалыптасты.

3. Қазақ халқының рухани-әлеуметтік құндылықтары қатарында үлкенді сыйлау, қонақжайлылық және бауырмалдық секілді қасиеттер ерекше орын алады.

4. Табиғатқа және жануарларға құрмет – Көшпелі өмір салтына негізделген қазақ мәдениетінде табиғат пен жануарларға деген құрмет ерекше. Қазақ халқы табиғатты тек ресурстар көзі ретінде емес, тіршілік иесі ретінде қабылдап, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға ұмтылған.

5. Толеранттылық пен өзара түсіністік – Қазақ қоғамы ежелден өзге ұлттар мен дін өкілдеріне ашық және төзімді көзқарас танытқан. Қазақстандағы этностар мен діни топтардың бейбіт қатар өмір сүруі – осы рухани толеранттылықтың нақты дәлелі.

Қазақ халқының рухани әлемі ислам, дәстүрлі мәдениет, әдет-ғұрыптар, табиғатпен үйлесім және толеранттылық сынды құндылықтармен сабақтасып, көпқырлы дүниетанымдық кеңістік қалыптастырады. Осы діндарлық пен зайырлылықтың үндесуі Қазақстанның көпэтносты, көпмәдениетті және көпконфессиялы қоғамының негізін құрайды.

Елде зайырлылықпен қатар діндарлық ұстанымдары тең дәрежеде екенін ескере отырып, тәуелсіздік алғанға дейінгі елдегі діни бағдардың өткеніне көз жүгіртсек, Қазақстан Республикасы 1917 жылғы Кеңес Революциясының жеңісінен кейін жылдан 1991 жылға дейін 15 одақтас КСРО мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде дүниетанымдық бағдар бойынша атеистік бағытты ұстанды. Дінге, дін өкілдеріне және оның қызметіне тек Қазақстан ғана емес, күллі КСРО аумағында тыйым салынды. Діни сана мен діни дәстүрлер мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынып, дін жолындағы тақуа, молда, ишандар коммунистік режимнің тарапынан біршама қыспақты көрді. Кеңес Үкіметі тұсындағы зайырлылық пен діндарлық қағидаттарын бір ауыз сөзбен тыйым салынған күрделі құбылыстар деп те атауға болады. Тәуелсіздіктен кейін елдің өз мәдениетіне оралу, дініне оралу үдерісі қайта жолға қойылып, жаппай біртіндеп жоғалтқан рухани құндылықтарымен қайта қауыша бастады. Ол кезеңдердің жалғасы соңғы жылдарда орын алған Рухани жаңғыру бағдарламасы болды. Жоғалтқан мәдени мұралармен қайта қауышу, ескірген мереке-мейрамдарымызды, салт-дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуға шамамен 30 жылдай уақыт кетті. Діни ұстанымдардың қалпына келуі халық үшін ерекше жақсы әсерін тигізді. Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық дәстүрлерінің қолданыстағы нұсқасы адамгершілік пен имандылықтың балансы мен үйлесімділігі.

Дін мәселесінің келесі күрделі қырларының бірі «Исламофобия» немесе «Исламнан үркітушілік» мәселелері. Өкінішке орай, бұл исламның дүниежүзілік ауқымға ие түйіткілдерінің бірі. Зайырлылық пен діндарлық өлшемдерінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеуде халықаралық деңгейде зерттеуші мұсылмандарға қатысты төзімсіздік пен кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші, түрік ғалымы Булент Шинайдың пікірінше, соңғы кездері исламнан үрку үдерісі белең алғанын, сонымен бірге исламофобияның қолдан жасалған тенденция екенін түсіну керек екенін айта отырып: «Исламнан үркітушілік түсінудің маңызды факторы мұсылмандардың немесе жалпы исламның мәдениет, моральдық құндылықтар мен діндарлық жағынан батыстық универсалистік құндылықтарға қарсы тұру қабілеті болып табылады. Ислам релятивизм мен плюрализмнің басым интеллектуалдық үрдістеріне дау айтқан сияқты. Жаһанданудың, оның ішінде плюрализмнің күшеюі мен халықаралық саяси тәртіптің өзгеруіне әкеп соққан жедел өзгерістер қауіпсіздік сезімін тудырады. Алайда ислам герменевтік әрі әлеуметтік жағынан да жаңа жағдайларға бейімделе алды. Бұл жағдайда исламнан үркітушілік феномені өзін Еуропадағы болмысы өзін-өзі қабылдау және басқалық дағдарысы ретінде көрінеді», – дейді

[8, б. 2]. Яғни мұнда «исламнан үркітушілік» дүниежүзілік үлкен түйіткіл екенін және оның қолдан жасалған бағыт екені айтылады. Осы мәселеге кейінірек тағы да тоқталамыз. Бүгінгі таңда исламды қаншалықты қараласа да, сонау өткен ғасырларда шығыстың ғұламасы әл-Фараби оның бақытқа апарар жол екенін айтқан деген пікір де бар екенін жоққа шығармау қажет.

Дін және зайырлылық тұрғысында зерттеулердің тарихи бастамасының тамыры тереңде жатқанын дәлелдейтін түйінді исламтанушы-философ Н.Л. Сейтахметова: «Әл-Фараби конфессиялық болмысқа емес, философтың гуманистік талпыныстарына сәйкес келетін дінді сыни тұрғыдан түсінуге ерекше көңіл бөлді. Оның ойы жеке адам мен қоғамның ішкі және сыртқы жетілуіне қол жеткізуге баса назар аудара отырып, бақыт онтологиясына қатысты болды. Әл-Фараби рефлексиясының әлеуметтік бағыты – әл-адаб әл-мадани – қоғам мен ғарыштағы үйлесімділікке, сондай-ақ танымдық қызметтегі адамгершіліктің онтологиялық көрінісіне және діннің әлеуметтік институт ретіндегі рөліне және бақытқа апаратын жолға бағытталды», яғни әл-Фараби дінді бақытқа апаратын бірден бір сара жол деп таныды, – деді [9, 10 б.]. Әрине, қоғам болған соң дін турасында алуан түрлі пікірлер бар, және оның болуы қалыпты жағдай деп пайымдауға болады.

Қазақ халқының діндарлық пен зайырлылық дәстүрлерінің үйлесімділігі – халықтың тарихи-мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты. Бұл құбылыстың іргесі халықтың бай рухани қазынасында, өмірге деген көзқарасында және қалыптасқан мәдени болмысында қаланған. Халықтың дүниеге көзқарасы мен өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруда мәдени тамырлар шешуші рөл атқарады. Америкалық әлеуметтанушы және саясаттанушы Сэмюэл Хантингтон мәдени іргетастарды қоғамның дүниетанымы мен әлеуметтік-мәдени эволюциясына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырады. Оның айтуынша, мәдениет – тек өткеннің тәжірибесі ғана емес, сонымен қатар қазіргі жаһандық процестер мен адамдардың күнделікті өмірінде басты бағдар беруші күш. Бұл идеяны қазіргі қазақ қоғамының зайырлы және діндар сипатын түсіндіруде де қолдануға болады. Кез келген халықтың тамыры – оның мәдени-рухани болмысында жатыр. Осы мәдени негіздер халықтың дінге, салт-дәстүрге, мемлекетке және қоғамға деген қатынасын қалыптастырады. Ал жаһандану үдерісі бұл ұлттық болмысты, рухани бірегейлікті әлсіретіп, біртектілікке ұмтылатын күшке айналуға. Осыған жауап ретінде көптеген ұлттар, соның ішінде қазақ қоғамы да, өз тарихи-рухани тамырына қайта оралуға, дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртуға ұмтылуға. Бұл үдеріс кей жағдайларда діни фундаментализмнің өршуі түрінде радикалды сипатқа ие болуы мүмкін. Хантингтон атап өткендей, ислам, конфуциандық немесе шығыс-православие секілді мәдениеттерде фундаментализмнің жаңғыруы – жаһандық мәдени ықпалға қарсы бағытталған реакцияның бір көрінісі. Батыстық емес елдердің Батыс өркениетіне бейімделу жолында тап болатын кедергілері – көбіне осы мәдени айырмашылықтардың тереңдігі мен тарихи тамырларына байланысты күрделене түседі.

Діни әдет-ғұрыптар мен нанымдар қазақтардың өмірінің ажырамас бөлігі болды, оның барлық кезеңдерін-туғаннан өлімге дейін қамтыды. Осындай салт-дәстүрлердің бірі – маңызды Ислам дәстүрі болып табылатын, балаға (азан шақырып) ат қою. Ислам канондарына сәйкес, баланың аты туылғаннан кейінгі

алғашқы күндерде жарияланады және бұл процесс арнайы дұғалармен бірге жүреді. Тағы бір маңызды діни рәсім – сүндеттеу рәсімі, ол ортақ нанымдар мен мерекелер арқылы қоғамдастық ішіндегі байланыстарды нығайтады. Үйлену тойының әдет-ғұрыптары діни символизм мен дәстүрлі мәдени өкілдіктерге қатысты көптеген элементтерді қамтиды. Неке қию рәсімін имам жүргізеді және ерлер мен әйелдердің одағын ғана емес, сонымен бірге Құдайдың алдында жаңа отбасы құруды да білдірді. Некеге байланысты рәсімдер көбінесе бақытты өмір, салауатты ұрпақ және болашақ әл-ауқат үшін дұғалармен бірге жүрді. Жерлеу рәсімдері қазақ қоғамының өмірінде маңызды рөл атқарды. Исламға негізделген өлгендерді құрметтеу принциптері дұға оқу (жаназа) және дәстүрлі аза тұту сияқты рәсімдерде көрініс тапты. Алайда, бұл рәсімдерде ежелгі нанымдардың жаңғырығы сақталған, мысалы, еске алу кештерін тәттілермен және ұжымдық дұғалармен ұйымдастыру. Діни және мәдени дәстүрлердің бұл араласуы қазақ халқының бай мұрасын айғақтайды. Күнделікті тұрмыс тіршілікте қолданыстағы рәсімдер қазақ халқының рухани өмірінің мызғымас бөлшегі болып саналады. Әдетте, дін белгілі бір Құдайға мойынсұну мен оның шарттарын орындау болса, дін дегеніміз – адам толық тәуелді болатын кейбір табиғаттан тыс жоғарғы мәндерге сенім ретінде түсіндіріледі. Дж. Фрэзер дінге мынандай өзіндік түсінік береді: «...Дін дегенде мен, адамнан жоғарыда тұрған күштерді, табиғат құбылыстары мен адам өмірін басқарып, бақылайтын күштердің мейірімділігі мен тыныштығын түсінемін». Мұндай мағынада дін теориялық және практикалық элементтерден тұрады, атап айтқанда жоғарғы күштердің бар екендігіне сенуден және оларды сезінуге және көтермелеуге деген ұмтылыс. Бірінші кезекте, әрине, сенім, Құдайға ұнамас бұрын, оның бар екеніне сену керек. Егер дін діни әрекетке әкелмесе, ол дін емес, тек теология.» [10].

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі. Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім. Ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады. Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан халықтың басым бөлігінің ұстанатын діні ислам болғанымен, республикамыздағы өзге ұлт пен дін өкілдеріне барынша діни бостандық берілген, олар өзара тату, толерантты көзқараста, зайырлылық ұстанымына сүйеніп өмір сүріп келеді. Елдегі зайырлылық ұстанымы, толеранттылық пен өзара сыйластыққа негізделген мемлекеттік басқару жүйесі нәтижелі жұмыс атқарып келеді, «Рухани жаңғыру», «Әділетті Қазақстан» секілді мемлекеттік бағдарламалары да осы жоғарыдағы қағидаттарды басшылыққа алатын әлеуметтік прогресс бағдары ретінде танылды.

Дін мәселесінің адамзат баласы үшін маңызды ұғым екенін ескере отырып, әсіресе Қазақстан секілді көпұлтты, көпконфессиялы елде мемлекет тарапынан іс-шаралар жүзеге асуда. Соңғы жылдары елде дінтану пәні білім беру саласында факультативтік негізде немесе міндетті емес пән ретінде енгізіле бастады. ҚР Конституциясының 22-бабындағы «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», 14-бабындағы «дінге көзқарасына» байланысты «ешкімді кемсітуге болмайды» [1] деген қағидаларына сәйкес мемлекет: азаматтардың дінге

қатынасына, дін таңдауына, балаларының да дін таңдауына араласпайды; мемлекеттік органдардың жұмысын діни бірлестіктерге жүктемейді; діни бірлестіктерді қаржыландырмайды; діни бірлестіктердің жұмысына, егер ол заңға қайшы болмаса, араласпайды; әр түрлі діндегі немесе дінге сенбейтін адамдардың, діни бірлестіктердің өзара сыйластықта, төзімділікте болуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде діни бірлестіктер мемлекеттен бөлек қызмет атқаратын субъектілер болып табылады. Олар мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асырмайды, мемлекеттік органдардың ісіне араласпайды, саяси партиялардың қызметіне қатыспайды әрі оларды қаржылай қолдамайды. Сонымен қатар, діни ұйымдар ел заңнамасына және құқықтық тәртіпке толық бағынуы тиіс. Бұл қағидалар – Қазақстанның зайырлы мемлекет ретіндегі құқықтық негізінің ажырамас бөлігі.

Алайда бүгінгі қоғамда зайырлылықты атеизммен шатастырып, оны дінге қарсы ұстаным ретінде түсіндіруге тырысатын жекелеген көзқарастар байқалып отыр. Кейбір азаматтар бұл қағиданы дінге, әсіресе исламға қарсы құбылыс ретінде қабылдап, тіпті мемлекет пен оның конституциялық негіздеріне наразылық танытуға бейім. Мұндай ұстаным танымдық тұрғыдан да қате болып табылады.

Өйткені, зайырлылық – бұл атеизм емес, ол – дүниетанымдық және құқықтық ұстаным ретінде мемлекет пен діннің өзара дербестігін қамтамасыз ететін қоғамдық қағида. Егер зайырлылықты қоғамдағы идеологиялық жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда оны әлеуметтік институт ретіндегі дінмен қарама-қарсы қою емес, керісінше, өзара қызмет аясын нақтылайтын ұғым ретінде түсінген жөн.

Дін – адамның ішкі сенімі мен рухани қажеттілігінің көрінісі болса, зайырлылық – көп конфессиялы қоғамда бейбітшілік пен теңдік принциптерін қамтамасыз ететін құқықтық және мәдени құрылым. Осы тұрғыдан алғанда, дін мен зайырлылық бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше, қоғамдағы тұрақтылық пен өзара құрметтің негізі бола алады.

Сонымен, қоғамдағы ең өзекті де маңызды екі феномен – діндарлық және зайырлық дәстүрлері. Қазақстанда пайызы жағынан басымдық танытатын дін өкілдері дәстүрлі саналатын екі діннің бірі – сунниттік ислам дінін ұстанушыларының ханафи мазһабы мен екіншісі – христиан дінінің православтық тармағы екені белгілі. Ол туралы Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында: «Қазақстан Республикасы азаматтарының діни нанымдына қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытуда ханафи мазһабындағы ислам және православтық христиан діндерінің тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады», – деп көрсетіледі [11, 3 б.].

Сондай-ақ, Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық мәселелерімен бірнеше негізгі құрылымдар мен ұйымдары айналысады. Оларға ҚР Үкіметі, Қазақстанның түрлі ведомстволары мен министрліктері, соның ішінде Мәдениет және ақпарат министрлігі, Діни және азаматтық қоғамдастық министрлігі, сондай-

ақ басқа да әкімшілік органдар жатады. Екінші жергілікті билік. Діни қызметті реттеу және зайырлылықты қамтамасыз ету мәселелерін муниципалитеттер мен аймақтық органдар жергілікті деңгейде шешеді. Үшінші, діни лидерлер мен қауымдастықтар. Діни қауымдастықтар мен олардың көшбасшылары қоғамдағы рухани құндылықтар мен діни дәстүрлерді сақтауда, сондай-ақ дінаралық диалог пен ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, дінаралық ұйымдар мен форумдар. Қазақстанда әртүрлі діни қауымдастықтар арасындағы диалогқа ықпал ететін, сондай-ақ дінге байланысты мәселелерді шешуде мемлекеттік органдармен ынтымақтасатын әртүрлі дінаралық ұйымдар мен форумдар бар. Ең маңызды халықаралық ұйымдар мен серіктестер: Қазақстан дін бостандығы, дінаралық диалог және дін аясындағы адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша БҰҰ, ЕҚЫҰ сияқты жетекші халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатып отыр.

Осы құрылымдар мен ұйымдардың барлығы зайырлылықты құрметтеуді қамтамасыз ету, дін саласындағы адам құқықтарын қорғау және Қазақстандағы әртүрлі діни және зайырлы қауымдастықтардың үйлесімді қатар өмір сүруіне жәрдемдесу үшін бірлесіп жұмыс істейді. Қазіргі заманғы зайырлылық түсінігі ең алдымен гуманистік құндылықтарды, атап айтқанда ар-ождан және наным-сенім еркіндігін қамтамасыз етуді қамтиды. Қазақ халқының, діни дәстүрлерінің философиясы бір күнде қалыптасқан ұғым емес, ғасырлар бойына әт түрлі тарихи кезеңдермен бір-бірін толықтырып келе жатқан құбылыс. Халқымыздың қанына сіңген қасиеттері мен біте қайнасқан діни дәстүр философиясы әлі де зерттеуді қажет ететін, толықтыра түсетін тұстары бар ғылым. Ұлттық дүниетаным, мемлекеттік тіл, діл бар кезде діни дәстүр философиясы замананың үдерісімен дами үстіне дами бермек.

«Исламнан үркітушілік» мәселесінің кейінгі кездері дүниежүзі бойынша орын алып алып отырған үдеріс екенін ескере отырып, Б.М. Сатершинов: «Діни негіздегі стереотиптер мен исламофобия, әсіресе мұсылман әлемі мен еуропалық өркениет арасындағы түсініспеушілік қатынастар өзінің бастауын ерте орта ғасырлардан, мұсылмандардың VIII ғасырда Пиреней түбегін алуынан және XVI ғасырдағы Реконкистадан (испандардың қайта жаулауынан), олардың аралығындағы айқыш (крест) жорықтарынан және османлылардың Византияны басып алуы мен Наполеонның Мысырға жорығынан, еуропалықтардың Азия мен Африка елдерін отарлауынан алады. Дегенмен, орта ғасырлардағы діни таптауырындар мен қазіргі исламофобияның бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары бар», – дейді [12, 85 б.].

Діндарлық мәселесіндегі «Исламнан үркітушіліктің» адамдардың бір-бірін қабылдамауынан туындағандай, себебі соңғы жылдары әртүрлі себептермен Еуропаға, АҚШ-қа қоныс аударатын мұсылман мигранттарының көбеюі және олардың жергілікті халықтар тарапынан қабылдамауының ушығуынан туыдауы әбден мүмкін. Осы тұрғыда Л.Н. Тоқтарбековамен бірлесіп жазған мақалада: «Қазіргі ХХІ ғасырда еуропалық Одақ мемлекеттерде мигранттардың үш буыны өмір сүріп жатыр. Жоғары айтылған интеграцияның үш моделі осы үш буынға қалай әсер етуде, олар осы модельдер арқылы интеграцияға түсе алды ма деген сауалдарға жауап іздемес бұрын, біз осы айтылып отырған үш буын кімдер деген сауалға жауап қарастырайық. Батыстағы интеграция мәселелерін исламмен

байланыстырмау, олардың ерекшеліктерін жергілікті мәдениетті, дәстүрді толықтыратын артықшылық ретінде қарау, антитеррорлық бағдарламаларды интеграциямен шатастырмау, сондай-ақ радикалды көзқарас нәсілшілдіктен туындайтынын мойындау қажет», – делінеді [13, 165 б.].

Қорытынды

Қоғамдық сана аясындағы қазақ халқының діндарлық дәстүрлері – бір күнде қалыптасқан құбылыс емес, ғасырлар бойғы тарихи тәжірибенің, рухани ізденістердің және мәдени сабақтастықтың нәтижесі екені сөзсіз. Бұл дәстүрлер халқымыздың рухани болмысымен, дүниетанымымен және мәдени кодының іргелі элементтерімен тығыз байланысты. Қазақ халқының бойына сіңген діни-рухани құндылықтар мен дәстүрлер – әлі де терең зерттеуді қажет ететін маңызды ғылыми сала. Қазіргі Қазақстан жағдайында діндарлық пен зайырлылықтың арақатынасы, олардың қоғамдық санада және құқықтық құрылымда бейнеленуі белгілі бір эволюциялық, кейде қайшылықты кезеңдерден өтіп жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, діни және зайырлы құндылықтар арасындағы өзара байланыстар мен тепе-теңдікті сақтау – елдің ұлттық бірегейлігін, ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды фактор болып табылады. Бұл байланыстарды зерттеу қазіргі заманғы сын-қатерлерге – әсіресе діни радикализм мен экстремизмге қарсы тұруда шешуші рөл атқара алады. Зайырлылық, бір жағынан, плюрализм мен адам құқықтарын қорғаудың іргетасы болса, екінші жағынан, көпэтносты және көпконфессиялы Қазақстан үшін әлеуметтік келісім мен бейбітшілік кепілі болып отыр. Сондықтан зайырлы қағидалардың тарихи тәжірибесін саралап, оның қазіргі қоғамдағы мәнін айқындау – қоғамдағы діни және зайырлы мүдделерді үйлестірудің тиімді тетіктерін қалыптастыруға негіз бола алады. Орталық Азия кеңістігіндегі зайырлылықтың тарихи даму контекстін зерттеу әртүрлі мәдени және құқықтық жүйелердің өзара ықпалдасуын түсінуге жаңа ғылыми мүмкіндіктер ашады. Бұл өзара әрекеттестік тек ішкі мемлекеттік саясатты ғана емес, сонымен қатар өңір елдерінің халықаралық қатынастарын да айқындауға ықпал етеді. Аймақтағы зайырлылық институттарының қалыптасу үдерістерін зерделеу арқылы ғасырлар бойы орын алған әлеуметтік өзгерістердің қазіргі қоғамға ықпалын тереңірек түсінуге жол ашылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий: Коллективная монография. Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2020 – 280 с.
- 2 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. – 2021. – 5 қаңтар.
- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Жалпы ережелер 1 бап, 1 бөлім. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution. 24.01.2025.
- 4 Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Съезінің 2023-2033 жылдарға арналған Даму тұжырымдамасы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfaislamabad/press/news/details/649387?%20lang=kk>. 12.04. 2024.
- 5 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. – 2 том. – Астана, 2011. – 176 б.

6 Косиченко А.Г. Светское государство: Республика Казахстан и мировой опыт // Право и государство. – 2014. – №4 (65). – С. 11-16.

7 Шағырбай А.Д., Қасабекова Е.Қ. Философия барлығы үшін: дәстүрлер, үрдістер, болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, Ұлағат баспасы, 2022. – 286 б.

8 Şenay B. Undoing Hate Crimes: Combating Islamophobia as Cultural Terrorism // OSCE Review Conference – Astana- Kazakhstan COJEP – Side Event Hate Crimes against Muslim communities 27th November 2010. <http://www.osce.org/home/73783?download=true>. 17. 05.17.

9 Сейтахметова Н.Л., Турганбаева Ж.Ж. Дискурс идентичности человека в адабе аль-Фараби: религиозность и секулярность // Материалы международной научной конференции «Символы, артефакты, памятники культуры Великой степи» в рамках VI Международного Фараби Форума / под общ. ред. А.Д. Курманалиевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – С. 10-14.

10 Фрэзер Дж. Золотая ветвь. Исследование магии и религии. – М.: Политиздат, 1980. – 831 с.

11 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы. Астана, 2011. – 76 б.12

12 Сатершинов Б.М. Ислам фобиясы және стереотиптер. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 158 б.

13 Токтарбекова Л.Н., Қасабекова Е.Қ. Ислам және Батыс Еуропа: интеграция мәселелері // Адам әлемі. – 2020. – №1 (95). – Б.159-168.

Transliteration

1 Svetskost i religiya v sovremennom Kazahstane: modernizaciya duhovno-kulturnyh smyslov i strategij [Secularism and Religion in Modern Kazakhstan: Modernization of Spiritual and Cultural Meanings and Strategies]: Kollektivnaya monografiya. Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2020 – 280 s.

2 Tokaev K.K. Tәuelsizdik bәrinen kymbat [Independence is more precious than anything]// Egemen Kazakstan. – 2021. – 5 kantar.

3 Kazakhstan Respublikasynyn Konstituciyasy [Constitution Of The Republic Of Kazakhstan. General provisions Article 1, Part 1]. Zhalpy erezheler 1 bap, 1belim. https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution. 24.01.2025.

4 Alemdik zhәне dastyrli dinder koshbasshylary Sezinin 2023-2033 zhyldargha arналghan Damu tuzhyrymdamasy [Development concept of the Congress of leaders of world and traditional religions for 2023-2033]. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfaislamabad/press/news/details/649387?%20lang=kk>. Karalghan uakyty 12.04. 2024.

5 2009 zhylyy Қазақстан Respublikasynyn halkynyn Ulttyk canaghynyn korytyndylary. – 2 tom [Results of the national census of the population of the Republic of Kazakhstan in 2009. - Volume 2]. – Astana, 2011. – 176 b.

6 Kosichenko A.G. Svetskoe gosudarstvo: Respublika Kazakhstan i mirovoj opyt [Secular State: Republic of Kazakhstan and World Experience] // Pravo i gosudarstvo. – 2014. – №4 (65). – S. 11-16.

7 Shaghyrbay A.D., Kassabekova E.K. Filosofiya barlyghy ushin: dastyrlar, urdister, bolashaghy» halykaralyk ghylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary [Materials of the international scientific and practical conference “ philosophy for all: traditions, trends, prospects]/ Almaty: Abai atyndaghy KaZUPU, Ulaghat baspasy, 2022. – 286 b.

8 Senay B. Undoing Hate Crimes: Combating Islamophobia as Cultural Terrorism // OSCE Review Conference.– Astana- Kazakhstan COJEP – Side Event Hate Crimes against Muslim communities 27th November 2010. <http://www.osce.org/home/73783?download=true>. 17. 05.17.

9 Seitahmetova N.L., Turganbaeva Zh.Zh. Diskurs identichnosti cheloveka v adabe al-Farabi: religioznost i sekulyarnost [Discourse of human identity in al-Farabi's adab: religiosity and secularity]// Materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Simvol, artefakty, pamyatniki kultury Velikoj stepi» v ramkah VI Mezhdunarodnogo Farabi Forum / pod obsh. red. A.D. Kurmanalievov. – Almaty: Qazaq universiteti, 2019. – S. 10-14.

10 Frezer Dzh. Zolotaya vetv. Issledovanie magii i religii [The Golden Bough. A study of magic and religion]. – M.: Politizdat, 1980. – 831 s.

11 «Dini kyzmet zhane dini birlestikter turaly» Kazakhstan Respublikasy Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on religious activities and religious associations]. Astana, 2011. – 76 b.12

12 Satershinov B.M. Islam fobiyasy zhane stereotipter [Islamic phobia and stereotypes]. – Almaty: KR BGJM GK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty, 2014. – 158 b.

13 Toktarbekova L.N., Kassabekova E.K. Islam zhane Batys Europa: integraciya maseleleri [Islam and Western Europe: integration issues]// Adam alemi. – 2020. – №1 (95). – B.159-168.

Касабекова Е.К., Шагырбай А.Д., Сатершинов Б.М., Мейманхожа Н.Р.
Основные аспекты религиозного феномена в общественном сознании

Аннотация. В данной работе рассматриваются ключевые аспекты феномена религиозности как неотъемлемой части духовной и культурной жизни человека. Религиозность охватывает комплекс внутреннего мировоззрения, поведенческих установок и эмоционального восприятия, связанных с верой в высшие силы, нравственные ориентиры и традиции. Особое внимание уделяется таким аспектам, как личная вера, религиозное сознание, культовая практика, влияние религиозных убеждений на повседневную жизнь человека, а также их роль в формировании общественной и национальной идентичности. Религиозность рассматривается как многослойное явление, включающее индивидуальные (личностные), социокультурные и исторические компоненты. Анализируются различия между внешней обрядовой религиозностью и внутренней духовной убежденностью, а также проявления религиозности в современных светских обществах. Подчеркивается, что религиозность может выполнять как объединяющую, так и регулирующую функцию в обществе, способствуя сохранению моральных норм и устойчивости культурных традиций. Таким образом, феномен религиозности исследуется в междисциплинарном контексте - с точки зрения философии, социологии, культурологии и религиоведения, что позволяет более глубоко осмыслить его значение в современном мире.

Ключевые слова: религиозность, аспекты, вера, убеждение, сознание, культура, духовность.

Kassabekova Ye., Shagyrbay A., Satershinov B., Meimankhozha N.
The Main Aspects of the Religious Phenomenon in Public Consciousness

Abstract. This study examines the core aspects of religiosity, with a particular focus on its role in shaping individual and collective lives. Religiosity encompasses an intricate internal worldview, behavioural patterns, and emotional responses linked to belief in higher powers, moral principles, and transcendent values. Three aspects are of particular significance: personal belief, religious consciousness and ritual practice. The impact of religious beliefs on daily life and their role in shaping public and national identity has been the subject of much scholarly debate. Religiosity is regarded as a multifaceted phenomenon encompassing individual, sociocultural, and historical dimensions. This study aims to analyse the differences

between external and internal religious practices, as well as the internal religious practices of contemporary societies. Evidently, religion fulfils a dual role within society, functioning as both a unifying and a regulating force. This contributes to the preservation of legal norms and the stability of legal institutions. In this manner, the phenomenon of religiousness is investigated from a philosophical standpoint within a multidisciplinary context. The contemporary world is characterised by the convergence of three distinct fields of enquiry: sociology, cultural studies and religion. Integrating these disciplines provides a deeper and more nuanced understanding of contemporary issues.

Keywords: religiosity, aspects, faith, belief, consciousness, culture, spirituality.

Келін түсті 18.06.2025

Қабылданды 01.09.2025